

**V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIII сессиясының 2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 196 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XIV сессиясының 2017 жылғы 3 наурыздағы № 88 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 наурызда № 1352 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIII сессиясының "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" 2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 196 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1020 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 қаңтарда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақтағы:

"6,5 айлық есептік көрсеткіш" сандары мен сөздері "9 айлық есептік көрсеткіш" саны мен сөздеріне ауыстырылсын.

аталған шешімнің қосымшасындағы:

1 тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын.

1 тармақтың 4) тармақшасындағы "(бұдан әрі – Тұжырым)" сөздері алынып тасталсын.

1 тармақ келесі мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) оқу орнының анықтамасы."

5 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"5. Әлеуметтік көмек оқу орнының анықтамасында көрсетілгеніндей, кемтар балалардың жеке оқу жоспары (бұдан әрі – жеке оқу жоспары) бойынша үйде оқу кезеңіне тағайындалады."

8 тармақтың 7) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"7) жеке оқу жоспарында көрсетілген мерзімнің аяқталуы."

9 тармақтағы "Тұжырымда көрсетілген мерзімнен бастап жаңартылады" сөздері " жеке оқу жоспарында көрсетілген мерзімнен бастап жаңартылады" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында

мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының еңбек, жұмыспен қамту және көлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Р. Бадаеваға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Р. Тауфиқовке ( келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен соң қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған*

*Алматы қаласы мәслихатының  
кезектен тыс XIV сессиясының  
төрағасы*

*Е. Еркінбаев*

*VI сайланған*

*Алматы қаласы мәслихатының  
Хатшысы*

*Қ. Қазанбаев*